

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 қаңтар N 84. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1229 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1229 Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 234-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесі бекітілсін.

2. "Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 378 қаулысына Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 145-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қосылған құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының тізбесінде:

ескертудің екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгіленген нысан бойынша жасалған," деген сөздер алынып тасталсын.

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.30. N 1071 қаулысымен .

4. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 3 қ а ң т а р д а ғ ы

N 8 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесі

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 234-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және тауарлардың импортын қосылған құн салығынан босату тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Осы Ереженің күші Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарлар әкелуді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - заңды және жеке т ұ л ғ а л а р) қ о л д а н ы л а д ы .

2. Осы Ережемен көзделген тиісті құжаттарды Қазақстан Республикасының кеден органына беру кезінде тауарлар импорты қосылған құн салығынан б о с а т ы л а д ы .

3. Қайырымдылық көмек ретінде әкелінетін тауарлар импорты кезінде акцизделетіндерін қоспағанда, мынадай құжаттар:

1) көліктік және/немесе тауарға ілеспе құжаттар және/немесе қайырымдылық көмек ретінде тауар әкелу туралы дипломатиялық немесе оларға теңестірілген ө к і л д і к т е р д і ң р а с т а у ы ;

2) құжаттар, оның ішінде тауарларды тегін беру фактісін растайтын шетел тілдерінде ж а с а л ғ а н құ ж а т т а р ;

3) осы Ережеге 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша толтырылатын халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсартуға арналған тауарларды ғана мақсатты пайдалану туралы алушының, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи

және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою міндеттемесі беріледі.

4. Мемлекет, мемлекеттер үкіметтерінің, халықаралық ұйымдардың желілері бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарлардың импорты кезінде акцизделетіндерін қоспағанда, техникалық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, мынадай құжаттар:

1) мемлекеттер мен мемлекеттер үкіметтерінің және халықаралық ұйымдардың желілері бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарлар үшін:

көліктік және/немесе тауарға ілеспе құжаттар және/немесе әкелінетін тауардың мәртебесін көрсете отырып, дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің растауы;

қайырымдылық мақсатында тауарлар әкелуді белгілейтін тиісті келісімдер, шарттар;

заңды тұлғалар үшін - коммерциялық ұйым емес ретінде заңды тұлғаны тіркеуді растайтын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, сондай-ақ жарғының көшірмесі беріледі;

2) техникалық жәрдем ретінде әкелінетін тауарлар үшін:

оларды орындау үшін тауарларды әкелу жүзеге асырылатын (техникалық жәрдем бойынша келісім-шартты) бағдарламаның атауы мен жобаның деректемелері көрсетілуі тиіс көліктік және/немесе тауарға ілеспе құжаттар және/немесе дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің растауы;

тауарлар жеткізуді орындауға арналған жобаның (техникалық жәрдем бойынша келісім-шарттың) көшірмесі беріледі.

Бұл ретте, техникалық жәрдем бағдарламасын орындауды бақылайтын қазақстан тарапының құзыретті органы Қазақстан Республикасының орталық кеден органына жобаның орындалуы туралы ақпаратты береді. Берілген жобаларда әкелуі көзделген тауарларға әкелінетін тауарларды теңестіруді қамтамасыз ету мақсатында, осы жобалардағы тауарлардың тізбесі жеке көрсетілуі тиіс.

5. Дәрілік құралдардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының; дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса

алғанда медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасының импорты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес қосылған құн салығынан босатылады.

Тауарлардың импортын қосылған құн салығынан босату мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының кеден органына осы Ереженің 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша жасалған әкелінетін тауарларды мақсатты пайдалану туралы міндеттемені ұсыну және мынадай шарттарды сақтау қажет:

* медицина техникасы, медициналық мақсаттағы бұйымдар ретінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркелуінің болуы;

дәрілік заттардың айналымы саласындағы мемлекеттік органның дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды Қазақстан Республикасына әкелуге келісімі;

** дәрілік заттарды өндіру құқығына лицензиясының болуы; дәрілік заттардың айналымы саласындағы мемлекеттік органның дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды Қазақстан Республикасына әкелуге келісімі;

*** дәрілік заттардың айналымы саласындағы мемлекеттік органның дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды Қазақстан Республикасына әкелуге келісімі.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар шеңберінде тауарлар импорты жағдайында жоғарыда көрсетілген құжаттардың орнына кеден органдарына импортты жүзеге асыратын тапсырысшы мен жеткізуші арасында жасалған шарт ұ с ы н ы л а д ы . < * >

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.10.21. N 1135 , 2004.04.29. N 488 , 2004.12.03. N 1258 (2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.04. N 1271 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қ а у л ы л а р ы м е н .

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және (немесе) оның ұйымдары жүзеге асыратын ақша белгілерін шығару үшін шикізаттың импорты кезінде м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р : < * >

1) ақша белгілерін шығару үшін әкелінетін шикізаттың мақсаты туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің растауы;

2) осы Ережеге 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған әкелінетін шикізатты мақсатты пайдалану туралы жүк алушының міндеттемесі б е р і л е д і .

6-1. Жеке өндірістік қажеттілік үшін әкелінетін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның қосалқы бөлшектерінің импорты кезінде:

1) құжаттар, оның ішінде әкелінетін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның қосалқы бөлшектерінің арналғандығын растайтын шет тілдерде жасалған құжаттар (техникалық паспорттар, сызбалар, фотосуреттер, коммерциялық құжаттар);

2) әкелінетін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның қосалқы бөлшектеуінің мақсатты пайдаланылу туралы осы Ережеге 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша толтырылатын міндеттеме ұсынылады.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 606 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

7 . < * >

Ескерту. 7-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.02.21. N 183 қаулысымен .

8. Мемлекеттер, мемлекеттер үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желілері бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлар импорты кезінде мынадай құжаттар:

1) Қазақстан Республикасына грант беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген, шетелдік мемлекетпен (немесе мемлекеттермен) не халықаралық ұйымдармен жасалған Қазақстан Республикасының халықаралық шартының көшірмесі (ол болған жағдайда);

2) халықаралық шарт жасаусыз халықаралық ұйымның грант беруі жағдайында - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінде тіркелген, оған берілген грант қаражаты есебінен тауарлар импорты туралы халықаралық ұйымның растауы;

3) халықаралық шартқа сілтеменің болуымен тауар көліктік немесе тауарға ілеспе құжаттар (оны жасасқан жағдайда);

4) бенефициардың (грант алушының) әкелінетін тауар туралы растауы
б е р і л е д і .

8-1. Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында лизинг беруші әкелген мүлік импорты кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) лизинг мәнін сатушы мен лизинг беруші арасында жасалған шарттың көшірмесі және лизинг беруші мен лизинг алушы арасында жасалған шарттың көшірмесі не лизинг мәнін сатушы, лизинг беруші мен лизинг алушы арасында жасалған үш жақты шарттың көшірмесі не Қазақстан Республикасының резиденті емес лизинг беруші мен Қазақстан Республикасының резиденті қосалқы лизинг беруші арасында жасалған халықаралық лизинг шартының көшірмесі және Қазақстан Республикасының резиденттері қосалқы лизинг беруші мен қосалқы лизинг алушы арасында жасалған лизинг шартының көшірмесі не Қазақстан Республикасының резиденті емес лизинг беруші, Қазақстан Республикасының резиденттері қосалқы лизинг беруші мен қосалқы лизинг алушы арасында жасалған үш жақты шарттың көшірмесі;

2) қаржы лизингінің шартына сілтемесі бар лизинг мәнін беруге көліктік және /немесе тауардың ілеспе құжаттары;

3) егер лизинг беруші (халықаралық лизинг кезінде қосалқы лизинг беруші) банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым болған жағдайда - лизинг қызметін жүзеге асыруға арналған қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензияның көшірмесі;

4) осы Ережеге 4-қосымшада белгіленген нысандағы толтырылатын қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында лизинг беруші әкелген негізгі құралдарды мақсатты пайдалану туралы міндеттеме. <*>

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.29. N 488 , өзгеріс енгізілді - 2005.06.22. N 606 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9. Осы Ереженің 3, 4, 5, 6, 8 және 8-1-тармақтарында көрсетілген Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлар салық жеңілдіктері берілетін мақсаттармен байланысты ғана пайдаланылуы тиіс. Көрсетілген тауарларды импорттаушының өзге мақсаттарға пайдалануы жағдайында кедендік ресімдеу кезінде төленбеген қосылған құн салығы салық заңдарына сәйкес

бюджетке төлеуге жатады. < * >

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.29. N 488 қаулысымен .

10. Кеден баждары мен салықтарын төлеуден босатуды көздейтін кеден режимдері шеңберінде тауарлардың импорты бойынша қосылған құн салығынан босату Қазақстан Республикасының кеден заңымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады .

11. Кодекстің 234-бабының 1-тармағының 1), 2), 5) және 8) тармақшаларында айқындалған тауарлар импорты бойынша қосылған құн салығынан босату Кодекске сәйкес тікелей қолданылады.

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.29. N 488 қаулысымен .

_____	Кедендік	бақылау
департаментінің (кеденнің) бастығына		
Қазақстан	Республикасының	кеден
әкелінетін	қайырымдылық	аумағына
мақсатты	пайдалану	көмегін
міндеттеме		туралы
Мен, _____		

_____,
(жүк алушының атауы, СТН-ы, мекен-жайы, банк деректемелері немесе аты-жөні мен төлқұжаттық деректері)

NN кеден декларациясына (декларацияларына) сәйкес

қайырымдылық көмек ретінде әкелінді:

(тауар атауы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою үшін ғана пайдалануға және коммерциялық пайданы алу үшін пайдаланбауға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдалану үшін

Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасына сәйкес теңге мөлшерінде кедендік рәсімдеу кезінде төленбеген кеден төлемдерін, салықтарды және өсімдерді төлеуге міндеттенемін.

Қолы _____

Күні 200__ жылғы " __ " _____

(а т ы - ж ө н і)

Ескерту. Қайырымдылық көмегін өзге де мақсаттарға кеден төлемдерін, салықтар мен өсімдерді төлеусіз пайдалану жағдайында тиісті сома Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жауапкершілік шарасын қолдану арқылы өндіріліп алынады.

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.29. N 488 қаулысымен .

_____ Кедендік бақылау
департаментінің (кеденнің) бастығына
Дәрілік құралдардың, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық, ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина(ветеринария) техникасын мақсатты пайдалану туралы міндеттеме

Мен, _____

_____,
жүк алушының атауы, СТН-ы, мекен-жайы, банк деректемелері немесе аты-жөні мен төлқұжаттық деректері) NN кеден декларациясына (декларацияларына) сәйкес

Дәрілік құралдарды, оның ішінде дәрілік субстанциялардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың, сурдотифлотехника мен медицина (ветеринария) техникасының, дәрі-дәрмек және диабеттік құралдарды өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушылардың, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдардың және медицина (ветеринария) техникасы ретінде әкелінді:

(т а у а р а т а у ы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды олардың мақсатты бағытталуына сәйкес қатаң пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге де мақсаттарға пайдалану үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес теңге мөлшерінде кедендік рәсімдеу кезінде төленбеген салықтарды және оларға өсімдерді төлеуге міндеттенемін.

Қолы _____

Күні 200__ жылғы " __ " _____

(аты-жөні)

Ескерту. Дәрілік құралдарды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, сондай-ақ оларды шығару үшін шикізат пен жинақтаушыларды салықтар мен өсімдерді төлеместен өзге де мақсаттарға пайдалану жағдайында тиісті сома Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жауапкершілік шарасын қолдану арқылы өндіріліп алынады.

3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.02.21. N 183 , 2004.04.29. N 488 , 2007.03.16. N 197 қаулыларымен.

_____ Кедендік бақылау
департаментінің (кеденнің) бастығына

**Ақша белгілерін шығару үшін
шикізатты мақсатты пайдалану туралы міндеттеме <*>**

Мен, _____

_____,
жүк алушының атауы, СТН-ы, мекен-жайы, банк деректемелері немесе
аты-жөні мен төлқұжаттық деректері)
NN кеден декларациясына (декларацияларына) сәйкес

_____ ақша белгілерін шығару үшін шикізат ретінде әкелінді:

(т а у а р а т а у ы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды олардың мақсатты бағытталуына сәйкес қатаң пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдалану үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес _____ теңге

көлемінде кедендік рәсімдеу кезінде төленбеген салықтарды және оларға өсімдерді төлеуге міндеттенемін.

Қолы _____ Күні 200__ жылғы " __ " _____
(аты-жөні)

Ескерту. Ақша белгілерін шығару үшін қолданылатын шикізатты салықтар мен өсімдерді төлеместен өзге де мақсаттарға пайдалану жағдайында тиісті сома Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жауапкершілік шарасын қолдану арқылы өндіріліп алынады.

4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.29. N 488 , өзгеріс енгізілді - 2005.06.22. N 606 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Кедендік бақылау департаментінің
(кеденнің) бастығына

Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында әкелінген мүлікті мақсатты пайдалану туралы міндеттеме

Мен, _____

_____,
(атауы, СТН-і, мекен-жайы, банктік деректемелері не аты-жөні және лизинг берушінің паспорттық деректері)

қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында мүлік ретінде мыналарды әкелдім:

NN _____ кеден (-дік) декларация (лар)ға сәйкес _____

(тауарлардың атауы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды қатаң түрде олардың мақсатты пайдаланылуына сәйкес пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсатта пайдаланған кезде, кезеңдік рәсімдеу кезінде төлемеген _____ теңге мөлшеріндегі салықтар мен өсімпұлдарды Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлеуге міндеттенемін.

Қолы _____ / _____ / Күні 200__ жылғы " __ " _____

Ескерту. Қаржы лизингі шарттары бойынша қаржы лизингіне беру мақсатында әкелінген мүлікті салықтар мен өсімпұлдарды төлемей өзге мақсаттарда пайдаланылған жағдайда, тиісті сома Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасына сәйкес жауаптылық шаралары қолданыла отырып өндіріп алынатын болады.

5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.22. N 606 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Кедендік бақылау департаментінің
(кеденнің) бастығына _____

**Жеке өндірістік қажеттілік үшін әкелінетін төлем
карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықтың,
бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның қосалқы
бөлшектерінің мақсатты пайдаланылуы туралы
міндеттеме**

Мен, _____

_____ (жүк алушының атауы, СТН-і, мекен-жайы, банктік деректемелері не
аты-жөні және төлқұжаттық деректері)
N _____

_____ кеден декларациясына (декларацияларына) сәйкес жеке
өндірістік қажеттілік үшін төлем карточкаларымен қызмет етуге
арналған мынадай жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді және
оның қосалқы бөлшектерін әкелдім:

(та у а р л а р д ы ң а т а у ы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды қатаң түрде жеке
өндірістік қажеттілік үшін пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдаланған кезде,
кедендік ресімдеу кезінде төленбеген _____ теңге
мөлшеріндегі салықтар мен олардан өсімпұлдарды Қазақстан
Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлеуге міндеттенемін.

Қолы _____ / _____ / Күні 200__ жылғы " __ " _____
(аты-жөні)

Ескерту: жеке өндірістік қажеттілік үшін әкелінетін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді және оның қосалқы бөлшектерін салықтар мен өсімпұлдарды төлемей өзге мақсаттарда пайдаланған жағдайда, тиісті сома Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасына сәйкес жауаптылық шаралары қолданыла отырып өндіріп алынатын болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК